



SAIGA NEWS

Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу үшін 6 тілде шығады



Сурет Н. Ситха

Ақбөкен текесі Яшкөл питомнигінде, Ресей.

Биологтар мен охотоведтердің Халықаралық Одағының XXIX Конгрессінде ақбөкен проблемасы талқыланды

Ақбөкенді (*Saiga tatarica*) сақтау жөніндегі халықаралық байланыстар биолог-охотоведтердің Халықаралық Одағының XXIX Конгрессінде жеке тақырып ретінде талқыланды (Мәскеу, тамыз 2009 ж.).

Ресей Федерациясы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен аңшылық және жабайы табиғатты қорғаудың Халықаралық Советінің қолдаулары арқасында Конгресс жұмысына ақбөкен жөніндегі негізгі эксперттер мен бұл аң таралған елдердің негізгі мамандарының қатысуына мүмкіндік туды. Сондықтан да ақбөкенді сақтау тақырыбы Конгресс программасында өзекті орын алды.

Конгрестің пленарлық мәжілісінде бұл тақырыпта баяндамины ақбөкенді сақтап қалу жолында көптеген жылдар бойы күресіп жүрген, ЮНЕСКО «Адам және Биосфера» программасының Ресей комитеті председателінің орынбасары, IUGB-нің ғылым Комитетінің мүшесі Валерий Михайлович Неронов жасады. Оның баяндамасында соңғы уақытта ақбөкенді қорғау саласында жергілікті және халықаралық табиғат қорғау ұйымдары, ұлттық Үкіметтер едәуір табыстарға жеткендігі аталып көрсетілді. Бірақ ақбөкен жайы

Жалғасы 2-ші бетте

Шығуына қаржыдай көмектескен:



аяқталуы (басы 1-ші бетте)

бұрынғысынша әлі де өте қиын екендігі ерекше сөз болды. Бұл проблеманы шешу үшін тұрақты қаржылар мен институциональдық қолдау; әсіресе, Ресейде, қажет деді баяндамашы.

Ақбөкенді сақтау мәселелеріне арналған секция Конгрестің төртінші күнінде жұмыс істеді. Секция жұмысына 90-ға жуық адам қатысты. Мәжілісте 8 баяндама тыңдалып, 7 қысқа баяндамалар талқыланады. Онда Украинадан бастап (В.С.Гавриленко «Аскания-Нова» биосфералық қорығында бірнеше ондаған жылдардан бері жұмыс істейтін қоршалған территорияда тіршілік ететін ақбөкен популяциясының популяциондық динамикасы (өзгеруі) жөнінде қызықты баяндама жасады), Ресей, Қазақстан, Өзбекстанды қоса, Моңғолияға (Б. Чимеддорж: моңғол ақбөкеніне жүргізілген мониторинг және бұл аңды қорғау саласында жергілікті тұрғындармен атқарылған жұмыстар туралы баяндады) дейінгі географиялық аймақтар қамтылған. Моңғолиядан келген маманның баяндамасында басында пікірлер мен бағыттар жөнінде әртүрлі ойда болған табиғатты қорғаудың жергілікті және халықаралық мамандары кейіннен айтылып отырған проблемалардың қажет екендігін түсініп, оларды дұрыс шешудің жолдары табыс әкелетіндігіне көздері жетті.

Баяндамашылар 2006 ж. Алматыда болған мәжілісте ақбөкенді сақтау туралы Өзартүсінісу Меморандумына (ӨТМ) қол қойған аңның таралу аралында елдердің Ортамерзімді жұмыстар программасының (ОМП) бес жылға (2011 ж. дейін) арналған еді; оны ақбөкенді сақтау үшін мониторинг ұйымдастыру мен халықаралық күштерді жұмылдырудағы маңызды шара деп есептеуге болады. Қарар ақбөкенді сақтау Альянсының вебсайтында және «*Степной бюллетень*» (№ 29, 2009) журналында жарияланған.

Кешкілік ақбөкенді сақтау Альянсы (АСА) мүшелерінің жылдық кездесуі болды. Альянс – бұл ақбөкенді сақтау үшін жұмыс істейтін мамандарды біріктіретін халықаралық жүйе. Сондай Институциональдық мүшелердің бірі – аңшылық және жабайы табиғатты қорғаудың Халықаралық Советі (СІС). Кездесудің маңызды оқиғасы жыл сайын өткізілетін АСА-ның кіші гранттар конкурсының қортындысын жариялау болды. Конкурстың мақсаты – ақбөкеннің таралған елдерінде оны сақтап қалу шараларын жүзеге асыру үшін, кең көлемді қаржы алу



Сурет IUGB

IUGB-2009 ж. Ақбөкен жөніндегі арнаулы секцияға қатысушылар.

мүмкіндігі жоқ болған кезде, шағын көлемді аумақтарда бұл аңды сақтап қалу үшін кішігірім жобаларды (проект) жүзеге асыруға мүмкіндік тудыру. Мұндай жобалар Ортамерзімді жұмыс программаларын орындауға көмектеседі. Биылғы жылда, бұрынғы жылдардағы секілді, кіші гранттар программалары қолдау тапты. Әсіресе, Халықаралық табиғат қорғау жүйесінен (WCN) және бірінші рет аңшылық және жабайы табиғатты қорғаудың Халықаралық Советінен (СІС) қолдау табуын ерекше атап өту керек. Альянстың атқарушы комитеті АСА-ның атқарып жатқан жұмыстары төңірегінде және ақбөкен тараған елдерді қамтитын төрт проектіні қолдады (алдағы беттерді қара).

Сондай-ақ Альянстың жаңа уставы қабылданып, оны басқарудың структурасы бекітілді. Бұл Альянсты Ұлыбританияда қайырымдылық ұйым есебінде тіркеуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге ақбөкенді сақтау Альянсының (АСА) атқарып жатқан жұмыстарының жетістіктері талданып, әсіресе, «Saiga News» бюллетенін шығару айрықша аталып өтті.

Конгрестің соңғы күнінде ақбөкенге байланысты бір қызық оқиғаның куәсі болдық. Жас ғалымдар арасында ең жақсы баяндамаларға биолог-охотведтердің Халықаралық Одағы жариялаған конкурсының үшінші жүлдесіне Қалмақияда дала антилопасын зереттеуші және Альянстың мүшесі Надежда Арылова ие болды. Мұндай мойындау Қалмақияда ақбөкеннің келешектегі дағдыры сенімді қолда екендігін байқатады.

Профессор Э.Дж. Милнер-Гулланд

Лондон Империял Колледжі, АСА-ның төрағасы
e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk

Жаңалықтар

Қалмақияда 2010 жыл - ақбөкен жылы деп жарияланған

2009 ж. 30-шы қарашасында Қалмақ Республикасының басшысы Кирсан Илюмжинов 2010 жылды - Ақбөкен жылы деп жарияланған № 422 Указға қол қойған. Бұл еуропалық ақбөкен популяциясын сақтап қалу мақсатында жасалған; Қалмақия Республикасы территориясында құқықтық қорғау ұйымдарының жұмыстарын жандандыру және ақбөкенді қорғау тиімділігін артыру үшін комплексті шаралар жүйесін дайындау мәселелері алға қойылған. Ақбөкен

жылын өткізу және дайындаудың ұйымдастыру комитетін республика президенті басқарады. Бұл инициативаны қолдау Кирсан Илюмжиновтың РФ-сының табиғи ресурстар Министрлігіндегі табиғат ресурстарды пайдалануды қадағалау федеральдық органының басшысы Владимир Кирилловпен Мәскеуде 18 қарашада кездескен кезде сөз болды. *Толығырақ:*

<http://www.elista.org/elista/files/ik/011209/01.pdf>;

<http://www.elista.org/elista/2010-god-v-kalmykii-obyavlen-godom-saygaka-2.html>.

14 қаңтарда Қалмакия Үкіметі Ақбөкен жылын өткізу шараларының жоспарын бекітті. Соған сәйкес документке ҚР-сы Үкіметінің председателі Владимир Сенглеев қол қойды. Бекітілген жоспар бойынша мынадай шаралар жүзеге асады:

1. Ақбөкенді қорғайтын арнаулы отрядты ұйымдастыру және оның атқаратын жұмыстарын жолға қою;

2. ҚР-сы МВД-сы мен мемлекеттік табиғи биосфералық қорық «Черные земли» қызметкерлерінің қатысуымен ақбөкенді қорғаудың бірлескен рейдтерін өткізу;

3. Самолеттер мен тепловизорлық суретке түсіруді пайдалану арқылы ақбөкен санын анықтау үшін мониторинг ұйымдастыру және өткізу;

4. Қазіргі радиоіздістіру әдістемесі мен мониторингті пайдалану арқылы қолда (вольерада) өсірілген ақбөкендерді табиғи ортаға жіберу тәжірибесін өткізу;

5. Ақбөкен аналықтарын қолдан ұрықтандыру экспериментін өткізу;

6. Ақбөкен популяциясын сақтау мен қалпына келтіру мәселесінде ресей және шет ел ғалымдарымен байланыс жұмыстарын жандандыру;

7. Ақбөкен популяциясын сақтау мен қалпына келтіру проблемасы бойынша халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастыру және өткізу;

8. Ақбөкен мүйізінен алынған заттарға жасанды синтездеу арқылы зерттеу жұмыстарын жүргізу.



Сурет: Р.Радиуса

Жаңа туған ақбөкен лагы.

Сонымен бірге, іске асыру шаралар жоспарында жастар арасында әртүрлі конкурстар өткізу, тақырыпқа байланысты документальдық фильмдер көрсету, көрмелер ұйымдастыру және т.б. шаралар көрсетілген.

Толығырақ:

<http://www.elista.org/elista/pravitelstvom-rk-utverzhden-plan-meropriyatiy-po-provedeniyyu-goda-sa.html>,

<http://www.elista.org/elista/izvestiya-kalmykii-13.01.10-2.html>

Дала антилопасының мекендейтін жерлерінде бірінші халықаралық экотур өткізу ақбөкен жылымен тура келді

2010 ж. «Eastern Approaches» Ростов компаниясы «Сайга тур» және ақбөкенді сақтау Альянсымен бірлесе отырып, Ресейдің оңтүстігінде ақбөкен мекендейтін жерлерде жаңа экологиялық және мәдени түр өткізуді ұсынып отыр. Түр ақбөкенді сақтау Альянсы зерттеу жүргізетін негізгі территорияларда болуды қамтиды, оның ішінде «Яшкөл» питомнигі мен «Степной» қорықшасы да бар.

Біздіңше, бұл кең қаржы ұсынатын әртүрлі группаларға арналған ақбөкенге байланысты бірінші экологиялық-туристік маршрут болмақшы. Бұл дер кезінде жасалған инициатива, әсіресе, ақбөкен жылында басталайын деп отыр.

Қосымша мәліметтер мына вебсайтта:
www.easternapproaches.co.uk.

Ақбөкенді сақтау Қазақстанның ұлттық игілігі

Ақбөкенді сақтау проблемасын өзінің сөзінде орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары Игорь Коваль көтерді. Оның сөзінше, мемлекеттің айрықша көмегі арқасында, ақбөкенді қорғауға жеткілікті бөлінген қаржы жағдайында және

ерекше қорғалатын территорияларды ұйымдастырудың нәтижесінде бұл өте бағалы кәсіптік аңның санын көбейтуге мүмкіндік туды. Ол ақбөкеннің саны 80 мыңға жетті дей келіп, келешекте оның қорының тез өсуі мүмкін дегенді айтты. *Толығырақ:* <http://sim.kz/?p=3114>

Өзбекстан шенеуліктері ақбөкенді қорғауға қатысуға дайын

2009 ж. қазан-желтоқсан айларында Өзбекстанда ақбөкен мысалында жануарлардың сирек кездесетін түрлерін сақтау жөнінде Республика шенеуліктерін хабарлар етуді күшейту үшін бірнеше семинар өткізілді. Семинарлар Ташкентте, Нөкісте және Үстірт қыратындағы екі елді мекенде өтті. Оларды ӨзБҒА-сының Зоология институты, ақбөкенді сақтау Альянсы, Қарақалпақстан Республикасының мемлекеттік табиғат

Қорғау комитеті FFI-дің қолдауымен және Disney Worldwide Conservation Fund қаржыландыруымен ұйымдастырды.

Семинарлар жұмысына табиғат қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану ұйымдарымен қатар Мемлекеттік Кеден комитетінің, МВД-ның Өзбекстан мен Қарақалпақстан өкілдері, Өзбекстанның мемлекеттік шекараларын қорғау комитеті, Аралдың

табиғат қорғау прокуратурасы және басқа да ұйымдар қатысты. Табиғат қорғаудағы халықаралық және ұлттық заңдылықтары сақталып, жануарлардың жабайы түрлерді кедендік ережелерге сәйкес әкелу/әкету мәселелерін ұйымдар арасында жақсарту жолдары семинарларда талқыланды. Қатысушылар табиғатты қорғау заңдылықтарын орындау жөнінде пікір алысты. Браконьерлердің пайдаланатын көліктері мен қарулары әдетте тіркелмейді; сондықтан да ақбөкенді және басқа да сирек кездесетін түрлерді сақтау үшін табиғатты қорғау ұйымдары мен Республиканың шенеулік күштері бірігіп қимыл жасауы керек.

Семинардың нәтижесінде заңсыз аң аулау және заңсыз ақбөкенді және оның мүшелерін заңсыз Республикадан тыс жерлерге әкету туралы ведомствоаралық мәліметтермен алмасу күшейтілсін деген шешім қабылданды. Қарақалпақстан Республикасы мемлекеттік табиғатты қорғау комитеті жанынан информация тарату орталығын ұйымдастыру керек деген ұсыныстарда



Сурет А.Есипова

Ташкентте семинарға қатысушылар.

болды. Ол үшін арнаулы бөлме және аталған комитетке Амудария атырауындағы тоғайларды сақтау жөніндегі ГЭФ/ПРООН проектi бөлген оргтехникалар дайын. Сонымен бірге, семинарға қатысушылар табиғатты қорғау инспекторлары мен МВД қызметкерлерінің бірлескен рейдтарын өткізу туралы да шешім қабылдады; бірінші кезекте ақбөкеннің қоныс аударатын және көбею кездерінде мұндай шараларды ұйымдастыру қажет екендігі сөз болды. Семинарға қатысушылар сондай-ақ табиғатты қорғаудың құқықты қорғау органдары қызметкерлерін қосымша оқыту керектігінің қажеттілігі және қосымша информациялық материалдарды шығару керектігі де айтылды.

Қосымша мәліметтерді Елена Быковадан, esipov@xnet.uz және Мария Карлстetterден, Maria.Karlstetter@fauna-flora.org алуға болады.



Сурет А.Есипова

Нөкістегі семинар.

Дәстүрлі қытай медицинасы ақбөкенді сақтау кілтін өз қолында ұстауда

Дәстүрлі қытай медицинасына арналған Халықаралық конференция мен көрме 2009 ж. 9-ші қарашасынан 11-ші қарашаға дейін Гуанжоу (Қытай) провинциясында Халықаралық Баюнь съездер сарайында өтті. Конференцияны 14 басқармалардың қолдауымен ҚХР-ның ғылым және техника Министрлігі ұйымдастырды. Конференцияға 2800-ден астам ғалымдар, мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлері, 18 провинциядан бизнеспен айналысатындар қатысты. Сондай-ақ оған өздерінің өнімдерін көрсеткен 340-тан астам медицина компаниялары да қатысты. Конференцияда 9 академиялық сессия және 8 соған сәйкес шаралар жұмыс істеді. Жабайы табиғатты сақтау қоғамының (WCS) Қытай программасының директоры д-р Си Янь мен WCS-тің кіші гранттар программасының командасы конференцияға қатысып, ақбөкен жөніндегі өз материалдарын таратты. Д-р Си Янь ақбөкенді сақтауда дәстүрлі қытай медицинасының басты ролі тақырыбында баяндама жасады. Ол ақбөкеннің қазіргі жайы мен қорғау шаралары туралы, әсіресе, оның мүйізіне деген сұраныстың жоғары екендігін атап айтты. Сондықтан да табиғатта бұл түрді браконьерлік жолмен аулау күшейді. Сөзінің соңында ол дәстүрлі қытай медицинасымен айналыстын мамандарды, ғалымдарды және басқада конференцияға қатысушыларды дәстүрлі медицинада пайдаланатын ақбөкенді және басқада сирек



Сурет Гуйхон Цзяна

WCS-тің Қытай программасының директоры, доктор Си Янь конференцияда баяндама жасауда (презентация)

кездесетін түрлерді сақтауға шақырды. Др. Си Янь қатысушыларды табиғатты сақтау идеясын дамытуға және альтернативті өнімдерді табу үшін зерттеу жұмыстарын жүргізуге шақырды. Баяндамадан кейін конференцияға қатысушылардың біразы ақбөкенді сақтау үшін WCS-пен байланысып, жұмыс істеуге дайын екендігін білдірді. Қосымша мәліметті Гуйхон Цзян береді: gzhangwcs@gmail.com.

Сан-Франциско-дағы табиғат қорғау көрмесі

Дженни Леон

2009 ж. қазан айының бірінші жетісінде жабайы табиғатты сақтау ұйымының (WCN) 8-ші көрмесі ашылды. Оған Папуа Жаңа Гвинеяда таралған осыған дейін аз белгілі болған ағашты - жерде мекендейтін Кенгуруден бастап харизматикалық африка піліне дейін жануарлардың алуан түрлерімен айналысатын ұйымдар қатысты. Біз Елена Быкова екеуміз ақбөкенді сақтау Альянсы атынан қатысып, ақбөкенді сақтауды насихаттауды мақсат еттік және бұл аңды қорғауды күшейту үшін қаржы көздерін табуды да көздедік. Көрме табиғатты қорғау саласында қызмет істеп жүрген мамандар үшін бірнеше семинар өткізумен басталды. Олардан біз маркетинг жөнінде (*Saiga News* бюллетенді жақсы көркемдеу туралы ұсынысты қоса) баға жетпес кеңестер алдық, сонымен бірге Google Earth-тың соңғы ұсыныстарын білдік және донорлармен кездесу кезінде қаржы табуды іздестіру жолдарын түсіндік.



Сурет Мартина Вароникси

Сан-Франциско-дағы АСА-ның столы.



Сурет Мартина Вароникси

WCN-экспо арнаулы қонағы – д-р Дж. Гудалл қызықты презентация жасауда

Донорлармен бірінші кездесу - коктейль ішу кезіндегі әңгімеде біз жаңа ережелерді пайдаландық. Бұл қабылдауда 150-дей донорлар қатысты. Мұнда табиғатты қорғау саласында белгілі және демберуші фигура д-р. Дж. Гудалл негізгі сөз сөйлеуші болды. Келесі күні таңертең жалпы жұртшылыққа арналған Сан-Франциско-дағы көрмеге кеттік. SCA-ға (ақбөкенді сақтау Альянсы) арналған стол залдың ортасында орналасқан. Бұл конференция залына кірген немесе одан шыққан адамдардың көңілін сөзсіз аударуға көмектесті. Конференцияда WCN партнерлері табиғат қорғаудың мамандары өздерінің жануарлар және табиғат қорғау мәселелері жөнінде 30 минуттік баяндамаларын жасап жатты. Еленада өз баяндамасына көптеген информативтік және эмоциялық фактілерді, ақбөкеннің көркем суреттерін, аң таралған елдер және SCA-ның ақбөкен сақтап қалу үшін қандай шаралар атқарып жатқанын қосқан еді. Баяндама сондай қызықты болып, презентацияда Елена көптеген құттықтаулар алды.

Біз біздің ертеден жақтастарымыз «Зоопарктер балалары» аталған Окленд хайуанаттар паркінің балаларымен жақын таныстық. Олар бізді көре салысымен-ақ біздің столға қарай жүгірді. Бұл жас білдіршіңдердің қызығушылығына таң қалдық келешекте зоопарктермен тығыз байланыста болу керектігі ойға келеді. Бірінші рет балалар ақбөкен туралы бұдан екі жыл бұрын болған көрмеде танысқан еді; содан бері олардың ақбөкен мәселелеріне қызығушылығы пайда болды. Міне, бұл мұндай шараның тиімді екендігін көрсетеді. Донорлармен қортынды кездесу жексенді күні Лос Альтоста WCN-нің негізін қалаушы Чарли Нолеса үйінде өтті. Бұл жұма күні болған әңгімелерді жалғастыру және жаңа таныстықты бастау мен SCA-ның донорларымен кездесу болды. Табиғат қорғау мамандары өздерінің ұйымдарын және территорияларында қорғалатын түрлерді таныстырумен болды. Тіпті олардың арасында өздерінің «ерекше жағдайларын» таныстыруда өзінше жарыс болған сияқты; мысалы, ақбас тамаринді (маймыл) «өте әсем маймыл» деп атақ берсе, ал ақбөкенді «ерекші ғажап мұрынды!» жануар деп атады. Кешкілік отырыста екі тамаша музыка группасы концерт берді, WCN-нің волонтерлері тәтті тамақ дайындады; ал «Ірбіз және басқалар» ұйымы жиналғандарға жабайы мысықтарды көрсетті.

Жалпы алғанда бұл сапар сондай табысты және көптеген мәліметтер алуға мүмкіндік болды. Ақбөкенді сақтау шараларына бірнеше жеке донорларды тартуға әрекет жасадық. Сонымен бірге, бізге жаңа идеялар мен ұсыныстар берген көптеген мамандармен кездестік. Олар донорлардың ақбөкен мекендейтін жерлерге баруға мүмкіндік тұдыратын экотуризмді дамыту туралы ұсыныстар берді; сандай-ақ қолөнер бұйымдарын сатуды ұйымдастыру керектігін айтты. Бұл идеялар Альянстың қамқорлық Советінде талданатын болады. Бұл өте қызықты оқиға болды; онда мен ақбөкен мәселесін көтергеніме мақтанамын. Біздерге сондай мүмкіндік берген WCN-ның штатына және оның өз істеріне берілген волонтерлер командасына үлкен алғысымызды айтамыз.

Қосымша мәліметтерді Е.Быковадан esipov@xnet.uz және Дженни Леоннан, jenny.leon08@imperial.ac.uk алуға болады.

Жануарларды қорғаудың апталығы



Жыл сайын Халықаралық жануарларды қорғау фондысы (IFAW) бүкіл дүние жүзінде жануарларды қорғаудың апталығын өткізеді. 2009 ж. 21-ші қыркүйектен 2-ші қазанға дейін осындай апталық Қалмакия Республикасы жабайы жануарлар Орталығы мамандарының басшылығымен А.В.Очиров атындағы Гашун жалпы білім беретін орта мектепте өтті. Бұл

шарада ерекше орынды ақбөкен туралы мәліметтер алды, өйткені ақбөкенді сақтау жөніндегі проекттерді біраз жылдардан бері IFAW қолдап жүрген. Оқушылар арасында экология тақырыбына салған суреттер мен плакаттарға, жақсы әңгімелер мен өлеңдерге жарияланған конкурстың қортындылары өскелең ұрпақтар үшін біздің «Кіші інілердің» дағдарысына немқұрайлы қарамайтындығын көрсетті. *Қосымша мәліметтерді Т.К.Босхонджиевадан және Ю.А.Арыловтан алуға болады, kalmsaiga@mail.ru.*

Ресей мен Қытайдың шекаралас аудандарында сауда айналымы азаяр емес

Жыл сайын WWF ө Ресей, Қыр Шығыстың TRAFFIC программасы және Ресейдің кеден академиясының табиғатты қорғаудың кедендік жұмыстармен қамтамасыз ететін Владивосток филиалының Оқу-методикалық орталығының қызметкерлері Приморск және Хабаровск өлкелерінің шекаралақ қалаларында, сондай-ақ Хэйлунцзян провинциясында (Қытай) фауна мен флораның сирек кездесетін түрлерімен және олардың өнімдерімен сауда жасауды тексеру мақсатымен дүкендер мен сауда орындарында мониторинг жүргізген. Бұл жұмыс «сауданың» нағыз

қызатын маусым: сәуір айынан қыркүйек айына дейін жүргізіледі. Биылғы жылы Ресей территориясында ауылдық жерлерде 10 тұрақты және 13 сауда орны тексерілген. Зерттеу жұмыстары заңсыз сату мақсатымен заңсыз жабайы өсімдіктерді, саңырауқұлақтарды дайындау және жабайы жануарларды браконьерлікпен аулау кең таралған құбылыс екендігін байқатты. Көптеген сатушылар өсімдіктер мен жануарлардың өнімдерін дайындауға немесе аулауға болмайтынын жақсы түсінеді және оны бұзғаны үшін жазаға (санкция) тартылатындарында біледі; бірақ қосымша табыс табуға ұмтылған адамдар заңсыз аулауға барады. Мониторинг сондай-ақ шекараның екінші жағында да өткізілді. Қытайда зоотоварлармен және теңізден алынатын өнімдермен сауда жасайтын базарларда зерттеу жүргізілді; көтерме сауда базарларында халықтық қытай медицинасы үшін қажет товарлармен және шикізаттармен сауда жасайтындығы анықталды; 10 мемлекеттік және жеке дәріханалар тексерілген. Сатуда жануарлар мен өсімдіктерден алынған өнімдер болды; мысалы, маралдың, еліктің, ақбөкеннің, трепангтың, құдырдың, сивуч, жабайы женьшень, бақаның әртүрлі түрлері. Сатушылар жасырмай-ақ товардың біраз бөлігі Ресейден келгенін айтады; олардың көпшілігі бұл товарлардың біразын жасырын түрде алуға мүдделі екенін де жасырмайды. Бұл мәліметтер биоресурстардың үлкен көлемі контрабандылық жолмен ресей-қытай шекарасымен өтетіндігін көрсетеді. *Қосымша мына сайтта:*

http://www.uralpolit.ru/federal/polit/e_s_r/id_156245.html.



Шекарада конфискилен ақбөкен мүйіздерінен жасалған лицензиясы жоқ өнімдер.

Моңғолияда ақбөкенге санақ жүргізілген

2009 ж. 11-12 қазанында МАВА проектісі аясында инспекторлар Моңғолияда ақбөкенге санақ жұмысын жүргізген. Санақшылардың бір тобы бірауақытта GPS-ті пайдалану арқылы дәлме-дәл санақ жүргізу туралы нұсқаулар мен мәліметтер алды. Санақ кезінде ақбөкеннің мекендейтін жерлері, күні, уақыты, бақылаушының фамилиясы, ауа райы, аң тобының мөлшері мен типі, мінез-құлқы и қоныстарының типтері күнделікте көрсетілуге тиіс. Саны 4022 ақбөкен бар 380 тобы есепке алынған. Ақбөкеннің белгілі таралған аралының көлемінің 70%-і қамтылған. Топтың орташа мөлшері 10,5 жануар (1-73). Қоныс аударатын жолдарында, әсіресе Шаргин Гоби және Хуйсин Гоби арасындағы субпопуляциясында 942 ақбөкен (85 топ) (23,4%) есепке алынған.



Қосымша мәліметтерді Б. Чимеддорждан алуға болады.

2009 ж. ақбөкен саны көбейді

«2009 жылы ақбөкеннің саны, өткен жылмен салыстырғанда, 32,7 % өскен және қоры 81 мың басқа жеткен. Бұл олардың табиғи өніп-өсуіне қолайлы жағдай тудырады» деп мәлімдеді Қазақстан Республикасы ауыл шарушылық министрі Ақылбек Күршібаев 18-қаңтар

күні ведомстваның коллегия жиналысында. Оның сөзіне қарағанда, инспекциялар қызметінің жақсаруына байланысты сирек және жойылып кету қаупінде тұрған жабайы жануарларды қорғау жұмыстары да жақсарған. *Толығырақ:* <http://inform.kz/rus/article/2228351>.

«Степной» қорығында браконьер ұсталған

2009 ж. 1-ші қыркүйегінде Лиман ауданында мемлекеттік табиғи қорықша «Степной» территориясында заңсыз ақбөкен аулау фактісі белгілі болған. Әуелі жануарды мотоциклмен қуып, шаршаған соң таяқпен соғып өлтірген. Қорықша қызметкерлері мен Астрахань облысы табиғат ресурстарын пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік

инспекторларының бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істеуі арқасында браконьер ұсталған. Браконьер Қалмақия Республикасының Яшкөл ауылының тұрғыны болып шықты. УК РФ 258 статьясына сәйкес қылмықтық іс қозғалған. Тергеу жұмысы жүргізілуде.

Қосымша мына сайтта:

<http://www.astrakhan.net/?ai=21863>.

Қазақстанда браконьерліктің жолын кесу шаралары

Қазақстанда жақында ғана браконьерлерді ұстаған көптеген жағдайлар белгілі.

Бетпақдала популяциясы:

2009 ж. 21-ші қыркүйегінде Республикалық өндірістік бірлестік «Охотзоопром» инспекторлары мотоциклмен заңсыз ақбөкен аулап жүрген Жайрем селосының 36-жастағы тұрғынын ұстаған. Оны тексерген кезде, одан екі ақбөкен текесінің тушқасы, мылтық, бинокль мен патрон салғыш алынған. Бұдан басқа, браконьерді ұстаған жерге жақын қуыстан тағы да ақбөкеннің үш тушқасы табылды. 2009 ж. 22 қыркүйегінде материалдар мен алынған заттар Қарағанды облысының Нұра аудандық РОВД-на берілді.

2010 ж. 4-ші қаңтар күні *Kazakhstan Today* хабарына қарағанда, Ырғыз ауданының РОВД қызметкерлері «Ырғыз-Торғай» резерваты территориясында Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ақеспе ауылының 33-жастағы тұрғыны мемлекеттік нөмері жоқ мотоцикл «ИЖ-Планета»-мен қолға түскен. Тексеру кезінде мүйіздері кесіліп алынған 5 ақбөкен тушқасы, қосауызды 16 калибрлі аңшы мылтығы, 50 патрон табылған. Қазірде бұл факты бойынша қылмық іс қозғау мәселесі шешілуде (ҚР-сы УК 288 статьясына сәйкес, заңсыз аң аулау). *Толығырақ:*

<http://kt.kz/index.php?lang=rus&uin=1133168020&chapter=1153497956>;

<http://kt.kz/index.php?lang=rus&uin=1133168020&chapter=1153506653>.

Үстірт популяциясы:

2009 ж. 8-ші қазан күні Жұлдыз поселкасында екі браконьер ұсталған; олардың автокөлігінде ешқандай документтері жоқ ақбөкеннің тушқасы табылған. 13-ші қазанда Ақтөбе облысында Үстірт қыратанда Ақтау тұрғыны 16 ақбөкенді атып алған. Браконьерді «Охотзоопром» инспекторлары ұстаған. 25-ші қазанда инспекторлар тексеру үшін джип машинасын тоқтатпақ болған; автокөлікті тоқтату орнына, үлкен жылыдамдықпен қаша жөнелген. Инспекторларда оны қуа жөнелген. Қашып бара жатып, олар машинадан ақбөкеннің үш тушқасын және мылтықты лақтырып жіберген. Үш адам ұсталды. Қылмыстық іс қозғалды.

Толығырақ:

<http://kt.kz/index.php?lang=rus&uin=1133168098&chapter=1153500005>; <http://diapazon.tv/2009/10/28/sajjgu-bjut-no-ona-ne-vymiraet.html>.

Орал популяциясы:

2009 ж. 20-шы қазанында Сайхин поселкасынан шыға бері инспекторлар автонөлукте 88 ақбөкен мүйіздері бар «ГАЗель»-ді ұстады. Ұстағаннан кейін браконьерлердің бірі аңшылық жасаған жоқпын, ақбөкен мүйіздерін жергілікті тұрғындардан бір мүйізді 300-ден 1000 тенге дейінгі бағамен сатып алдым деп түсіндірді. Ол мүйіздерді Алматыға апарып, сатпақшы болған 44 - ақбөкенді атып алу нәтижесінде орман-аңшылық фондысына 11 млн. 404 мың. тенге шығын келтірген. *Толығырақ:*

<http://diapazon.tv/2009/10/28/sajjgu-bjut-no-ona-ne-vymiraet.html>.

Қазақстанда жемқорлықпен күресу жүріп жатыр

Қаржы полициясының ұсынысы бойынша ақбөкенді атуға заңсыз лицензия бергені үшін Ақтөбе облыстық орман және аңшылық шаруашылығы территориялық инспекциясының бастығының орынбасара Гусевке

қатаң сөгіс берілген. *Толығырақ:*

<http://diapazon.tv/kazakhstan/20245-44-gossluzhashhikh-uvoleny-v-jetom-godu-po.html>.

Қытай түрмелерінде Қырғызстанның 9 азаматы айыбын өтеуде

Қырғызстанның азаматтары адам өлтірумен тынған қарақшылық ету, есірткелермен контрабанда және сауда жасау, ақбөкен мүйіздерімен контрабанда жасағандары үшін айыпталуда. Қырғыздардың біреуі ату жазасына кесілген, бірақ соңынан ол 19 жылға бас бостандығынан айыру жазасымен алмастырылған.

Екі азамат өмірі бойы қамауда болу жазасына кесілген. Қалған төртеуі ұзақ мерзімді жазаларын алған. Қазірде ҚР-ның Бас прокуратурасы сотталғандарды беру туралы Қытай жағымен екіжақты келісімге қол қою туралы келісіп жатыр. *Толығырақ:*

<http://ru.trend.az/regions/casia/kyrgyzstan/1616292.html>.

Ақбөкенге қайтадан қауіп төнді: жедел қимылға шақыру

Солтүстік-Батыс Прикаспийдегі ақбөкен популяциясы (Ресей), бұрын да қиын жағдайда болатын, қыстың сондай суық болуынан және браконьерліктің етек алуынан ол тағы да жаппай қырылып қалу қаупінде тұр. Ірі сүтқоректілер арасында соңғы он жыл ішінде 95% ақбөкен санының қысқарып кетуі ойландырып отыр. Соңғы жылдары бірқатар популяциялар үшін аң саны төменгі деңгейде аздап тұрақтанғаны байқалады. Мәселен, Ресейдің Солтүстік-Батыс Прикаспий популяциясында ақбөкен саны - 20 000 деп есептеледі.

Бірақ, ақбөкеннің Солтүстік-Батыс Прикаспийдегі популяциясы биылғы ерекше суық қыстан («Жұт жылы») зардап шегуде. Қардың қалың түсуі, қар бетін мұздың жауып қалуы ақбөкендердің азық тауып жеуін және олардың қозғалысын қиындатып жіберді. Соңғы рет жұт Солтүстік-Батыс Прикаспийде 1998/1999 жж. болды; ол сол жылы аң санының 150 мыңнан 50 мыңға дейін қысқаруына себеп болды. «Известия Қалмақия» газетінде (2010 ж. 12 ақпан) қазірде ақбөкен саны 8 мыңға дейін қысқаруы мүмкін деген хабарлама болды; бірақ биылғы қыстың ақбөкен популяциясына әсері туралы әлі толық мағлұмат жоқ. Деседе жұт жылының аң популяциясын өте төменгі дәрежеге дейін төмендетуі мүмкін, бұл оның қырып кету қаупін тудырады.

Қазірде Солтүстік-Батыс Прикаспийде браконьерлік етек алып келеді деген хабар бар және аңның етімен сауда жасауда етек алуда. Қалмақия Республикасы табиғи ресурстар, қоршаған ортаны қорғау және энергетиканы дамыту министрінің орынбасары Юрий Каминов былай дейді: «Оқиға бақылаудан шықты. Яшкөл ауданында ақбөкен етімен сауда жасауда деген хабар бар».

Қалың қарда ақбөкендер онша жүгіре алмайды да браконьерлердің оңай олжасы болады. Қазақстанда мұндай жағдайда браконьерлер «снегоходтарды» (қарда жүретін шаналар) пайдаланатыны белгілі.

Қалмақия Республикасы табиғи ресурстар, қоршаған ортаны қорғау және энергетиканы дамыту Министрлігі Солтүстік-Батыс Прикаспийдегі ақбөкен жағдайының өте қиын екендігін байқап «Аталған қиын жағдайда, біз ақбөкенді жалпы жоғалтып алуымыз мүмкін» деп көмек көрсетуді сұрайды.

Браконьерлік пен ақбөкен етімен сауда жасауда ақбөкен таралған барлық елдерде, Ресейді қоса, тиым салынған; бірақ соған сәйкес заңдарды қолдануда кемшіліктер бар екендігі байқалады. Бұл, әсіресе, жеткілікті қаржы бөлінбейтін Қалмақия үшін өте маңызды; өйткені 2008 жылдың қаңтар айынан бастап жануарлар дүниесін басқару Мәскеуден региондарға берілген еді. Осы кезден Қалмақия Республикасының барлық территориясында биоәртүрлілікті қорғауға жауапты инспектор саны 30-дан 6-ға дейін қысқарды. Жер көлемі Ирландиядан бірнеше есе үлкен Қалмақия Республикасында (жер көлемі - 75,000 км²) бұл инспекторлар жануарлар мен өсімдіктердің көптеген түрлерін қорғайтыны белгілі. Олардың санын қысқартуда көп ойландырады.

Қалмақия Республикасы мен Астрахань облысының Әкімшіліктері ақбөкенді сақтап қалу үшін донорлардың көмектесуін сұрайды. Оларға ақбөкенді қорғау үшін автокөліктер, жанармай, мемлекеттік инспекторларға көмектесіп жүрген жергілікті волонтерлердің (еріктілер) еңбегіне төлеу үшін қаржылар қажет. Жергілікті тұрғындар арасында теледидар, радио және плакаттар шығару арқылы үлкен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу арқылы жұт жылдары ақбөкенді қорғау аса қажет екендігін түсіндіріп, олардың қолдауын алу да керек.

Д-р Алин Кюль
CMS, SCA секретариаты, akuehl@cms.int



Ю. Арыловтың суреті

2010 ж. суық қысы. Яшкөл питомнигі, Қалмақия.

Ғылыми мақалалар

Қазақстанда ақбөкеннің ізіне түсу

Цутер Ш.

Алтын-Дала табиғат қорғау Инициативасы, Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау Ассоциациясы,
steffen.zuther@acbk.kz; office@acbk.kz

Қазақстан территориясында жүзеге асып жатқан ірікөлемді проектiнiң арқасында ақбөкендер бiрiншi рет спутникалық мойын бiлезiктермен (ошейник) белгiленген. Бiлезiктер күнсайын жануарлардың қай жерде екендiгiн анықтайды; таралған аймағындағы кең көлемдегi кеңiстiкте олардың қоныс аудару қозғалыстарын бақылауға мүмкiндiк бередi.



Сурет Ш. Цутерменікі

Ақбөкенді торға енгізу үшін мотоциклдер пайдаланды.

2009 ж. қазан айында үш жетінің ішінде 20 жануар табысты ауланып, оларға мойын білезігі салынды. Бұл «Алтын-Дала табиғат қорғау Инициативасы (ПИАД)» қызметінің бір бөлігі болып табылады. Ол Орталық Қазақстанда далалық және шөлейтті экосистемалар мен оларда негізгі мекендеушілерді сақтауға тырысады. Білезіктеу жоспарланып отырған Мемлекеттік табиғи резерват «Алтын-Дала» маңында және Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватының солтүстігінде бетпақдала популяциясының көп топтасқан жерінде өтті.



Сурет Б. Искаевтікі

Ақбөкендерді білезіктеудегі ПИАД-тің дала командасы.

Жануарлар дүниесін қорғау қызметінің (ЖДҚК) ПИАД бастығы Өркен Шаймуханбетовтың басшылығымен өндірістік бірлестік «Охотзоопром»-мен бірлесе отырып, бұл жұмыс жүзеге асты; оған 20 адам қатысты. Ақбөкенді аулауға тікелей «Охотзоопром»-ның 4 мемлекеттік инспекторларымен бірге екі тәжерибелі мотоциклистер қатысты. Әуелі самолетті пайдаланып, аңдардың топтасқан жерлерін анықтап алып, одан кейін сол маңға аңдарды аулау үшін автокөліктер мен мотоциклдер жөнелтілді. Дұрыс және ұсталған жануарларды тазалау үшін жануарларды аулау алдында дала командасы үшін Франкфурт хайуанаттар паркінің мал дәрігері доктор Кристина Гайгердің басшылығымен жаттығулар (тренинг) сериясы өткізілді. Ол алғашқы ақбөкендерді ұстауға да қатысты. Жаттығу объектісі ретінде үй ешкілері пайдаланды.

Жұмыстың ең қиыны ақбөкендерді аулау болды, өйткіні олар сондай үркек және алыстан қаша жөнеледі. Дала жұмысы басталғанға дейін және одан кейінде



Сурет А. Салемгереевтікі

Ақбөкен аналығы білезіктегеннен кейін қашуда.

Ізге түсу уақытын мұндай қатаң қысқарту аңды тым қинап жіберуді болдырмауға көмектесті, әрі бөлінген уақыт біткен соң аулауды тоқтату керектігін білдіреді. Ошейниктерді орналастыру уақыты да 4-5 минут болды. Осы уақыт ішінде команда аңның дене мөлшерін, температурасын, салмағын өлшеді, анализге қанын, жүнін алды және ошейникті орнатты. Тез қимылдардың нәтижесі – барлық ақбөкендер жақсы күй жағдайында мекендейтін қоныстарына жіберілді.

Бұл проектті үшін GPS-пен жабдықталған спутникалық ошейниктер (мойын білезіктері) GPS/Globalstar пайдаланылды. GPS арқылы жануардың қай жерде жүргені анықталса, ал спутникалық система Globalstar арқылы Қазақстандық партнер – ПИАД-қа (Қазақстан биоэртүрлілігін сақтау ассоциациясы) координаттарын береді; бұл жаңа технология болып саналады. Күн сайын белгіленіп, екі пар координаты күніне бір рет жерге беріледі. Бұл тұрақты бақылау жүргізуіге мүмкіндік береді.

Үстіртте ақбөкендерді спутник арқылы бақылау проектісі басталды

Ито Т.Й.¹, Шинода М.¹, Есинов А.В.², Грачев Ю.А.³, Н. Сингх⁴, Милнер-Гулланд Э.Дж.⁴

¹Тоттори Университеті, ²Өзб. Рес. Зоология институты, ³Қаз. Зоология институты, ⁴Лондонның Империял Колледжі ito@alrc.tottori-u.ac.jp

2009 ж. қараша айында Үстіртте ақбөкендерді спутник арқылы бақылау басталды. Жердің жасанды серігі арқылы үлкен көлемдегі қашықтықта жануарлардың қозғалысын экологиялық және табиғатты қорғау бағытында зерттеуде күшті инструмент болып табылады. Оның көмегімен қоныс аудару жолдарын, мекендейтін жерлерін, қоныстарын таңдауын, қоныс аудару жолындағы кедергілерді және т.б. білуге болады. Бұл әдіс әртүрлі жануарлар мен территориялар үшін пайдаланылады. Ақбөкен – бұл спутник арқылы бақылау – зерттеулер жүргізуге қолайлы түрлердің бірі, өйткені ол үлкен қашықтыққа қоныс аударды және қорғауды қажет ететін жойылып кету қаупінде тұрған жануардың бірі. Ақбөкеннің үстірт популяциясы Қазақстан мен Өзбекстан территориясында таралған. Оны басқару мен қорғау мәселелерін шешуде аталған проект өзінің көмегін тигізетіндігі сөзсіз. Проектінің нәтижесі ақбөкеннің қоныс аудару механизмін, мекендерін таңдаудағы ерекшеліктерін және Үстірттің экосистемасын сақтауды түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, біз басқа популяцияларымен салыстыру үшін керекті мәліметтерді аламыз; Моңғолияда (*Saiga tatarica mongolica*) және Бетпақдала (жоғарғы мақаланы

Жиналған мәліметтер Охотзоопром мен ПИАД-тың жануарларды қорғау қызметі - браконьерлерге қарсы күрес шараларын жоспарлағанда дереу пайдаланылады. Сонымен бірге, бұл ақбөкеннің негізгі қоныстарын анықтауға мүмкіндік береді және ақбөкен үшін жаңа ерекше қорғалатын территориялар ұйымдастыру үшін көмектеседі.

Бұл проектін Қазақстан биоэртүрлілігін сақтау ассоциациясы (АСБК) РҚ-сы ауыл шаруашылығы министрлігінің орман және аңшылық шаруашылығы комитетімен, Охотзоопроммен, Франкфурт зоологиялық қоғамымен (FZS) және Ұлыбританияның Корольдық құстарды қорғау қоғамымен бірлесіп орындады. Проект Gregor Louisoder Foundation фондысы, Германияның техникалық байланыстар қоғамының (GTZ) және Германияның халықаралық қоныс аудару және даму Орталығы қолдауымен жүзеге асты.

Пректі жөніндегі толық мәліметтер және оның алғашқы нәтижесі ғылыми журналдарда жарияланады және вебсайтта болады (www.acbk.kz).

Сурет А. Есимова



Спутникалық мойын білезігін ақбөкен аналығына бекіту.

қара) аңдар мойын білезіктерімен жабдықталған ғой; сондай-ақ моңғол дзерені (*Procapra gutturosa*) сияқты алыс қашықтыққа қоныс аударатын түрлерде осындай ошейниктермен жабдықталған.

Ақбөкендерді аулау мен білезік кигізу Қазақстан территориясында үстірт популяциясы ареалының оңтүстік бөлігінде 2009 ж. 10-13 қарашасында жүзеге асты. Біз бір ай бұрын бетпақдала популяциясы үшін пайдаланған ақбөкендерді аулау әдісін қолдандық (жоғарғы мақаланы қара). Аңды ұстауда бізге көптеген инспекторлар мен жергілікті тұрғындар көмектесті, барлығы 20 адам. Біз 10 ақбөкен аулауды жоспарлаған едік. Бірақ тек 5 аналыққа ғана спутникалық ошейниктерді бекітуге тұра келді; оған бірқатар негативтік факторлар, мәселен, мотоциклдердің сынып қалуы, ақбөкендердің аз кездесуі және оған бөлінген уақыттың да шектелуі де әсер етті. Біз ақбөкенді аулауға 2010 жылы да әрекет жасаймыз деп келістік. Ақбөкендердің мекендейтін жерін 8 күн аралығында анықтау үшін Argos системасы GPS-сыз

Сурет А. Есимова



Ақбөкенді аулау үшін торды құру.

және спутниктік (TAW-4310H, Telonics) пайдаланылды. Қабылдағыштар 2,5 жалдай сигнал беріп тұрады.

Бұл проект Тоттори университетінің (Жапония) шөлдерді зерттеудің ғылыми Орталығымен, ҚР-сының Зоология Институтымен, Қазақстанның орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің өндірістік бірлестігі «Охотзоопром»-мен, Өзб-ның зоология институтымен және Лондонның Империял Колледжімен

(Ұлыбритания) бірлесіп атқарылған жұмыс болып табылады. Бұл жұмыс Жапонияның білім, мәдениет, спорт, ғылым және технология министрлігінің ғылыми грантты есебінде жүзеге асты. Проект ақбөкенді сақтау проблемасында ұзақ мерзімді халықаралық байланысты нығайтудағы алғашқы қадам болып табылады. Оның нәтижесі Үстіртте табиғат қорғаудың бүгінгі және келешектегі шараларын жүзеге асыруда қолданылатын болады.

Моңғол ақбөкені лақтарының тірі қалуының жаңа мәліметтері

Бувейбаатар Б.¹, Янг Дж.К.², Лхагвасурен Б.¹, Бергер Дж.^{3,4}, Файн А.⁵

¹Биология институты, МАН, Улан-Батор, Моңғолия, buuveibaatar@gmail.com;

²Жабайы табиғатты зерттеу институты, Арката, АҚШ; ³Биология факультеті, Монтана университеті, Миссолина, АҚШ; ⁴Northern Rockies дала базасы, жабайы табиғатты қорғау Қоғамы, Монтана университеті, Миссолина, АҚШ; ⁵Жабайы табиғатты қорғау қоғамы, Улан-Батор, Моңғолия

2008 ж. маусым айында Батыс Моңғолияда ақбөкен лағының туу мерзімі және олардың тірі қалу ерекшеліктеріне баға беру үшін жабайы табиғатты қорғау қоғамы мен Моңғолия Ғылым академиясының екіжылдық бірлескен проектісі басталды (қара: *Saiga News*, 8-шығарылуы). Биылғы жылы 8-21 маусым арасында Шарға қорығында 2008 ж. ақбөкен лақтары ауланған жерде дала жұмыстарын жүргіздік. Бірінші лағы, былтырғы жылмен салыстырғанда, бір күн бұрын 12 маусым күні ұсталды.

Біз жаңа туған лақтарын аулап, оларға VHF 40 радиошейниктерін кигіздік (1-ші кесте). Олардың ішінде 45% егіз лақ болды. Еркектері мен аналықтары арасында салмақтары ($t = 0,9$, $p = 0,3$) жөнінде сенімді айырмашылық болмады. Биылғы туған лақтарының салмақтары, 2008 жылмен салыстырғанда (2008 ж.: $2,69 \pm 0,36$ кг; 2009 ж.: $2,80 \pm 0,41$ кг; $t = 1,3$, $p = 0,1$), кішкене жоғары болды.

Жыртқыштардан бұл участкада түлкі (*Vulpes vulpes*) жиі кездесті. Біздің экспедицияда болған кезімізде үш білезіктелген лақтарды түлкі өлтірген, бір лақты жыртқыш құс жем еткен; ал бір ошейник зақымдалған. Тағы да үш ошейник кигізілген лақтар біздің экспедиция аяқталған соң үш жетінің ішінде өлген. Бұл лақтарда жыртқыштардың (екеуін түлкі жесе, біреуін жыртқыш құс жем еткен) жемі болған. Сондай-ақ біз жыртқыш құстың лақты өлтіргенін және түлкінің төрт рет ошейник кигізілмеген лақтарға шабуыл жасағанын байқадық.

2008 ж., білезіктелген лақтардың 21-і тірі қалды. Жалпы алғанда, қазірде бақылауда 54 лақ (оның 33-і 2009 ж. білезіктелген) бар. Мониторингті инспекторлар жүргізеді. Олар мотоциклмен Шарға қорығы мен оның айналасындағы территорияларды жүріп өтіп, жетісіне



Сурет Б. Чингисоржидкі

Шарға қорығында жаңа туған лақ.

екі рет мойын білезіктері салынған лақтардан радиосигналдар қабылдайды. Лақтар мекендейтін орнын анықтайды және өлгені болса оларды табады; ошейниктерді қалпына келтіреді. 2008 ж. біздің зерттеулеріміз, бірінші қыстап шыққанға дейін 39 ошейник кигізілген лақтардан 17 өліп қалған, қыстап шығар алдындағы тірі қалу коэффициенті 0,57 (0,42 – 0,72). Сәуір айының ортасында – мамырда ошейниктері бар қалған лақтардың мекендейтін жерлерін анықтау үшін тағы да зерттеулер жүргізілді. Тағы да екі лақ өлген, ал екі ошейник сигнал берген жоқ. 2008/2009 жылдардағы сияқты 2010 жылы да қалған 54 лақтармен күз бен көктемде бақылау жұмыстары жүргізе береді.

Кесте 1. Моңғол ақбөкендерінің жаңа туған лақтарының салмағы (кг)

Жылы	Еркегі			Аналығы		
	X _{±m}	limit	n	X _{±m}	limit	n
2008	2.79 ± 0.32	2.24 - 3.52	22	2.56 ± 0.38	1.95 - 3.36	18
2009	2.86 ± 0.43	2.32 - 3.83	23	2.74 ± 0.38	2.12 - 3.64	17
Барлығы	2.82 ± 0.37	2.25 - 3.65	45	2.65 ± 0.38	2.02 - 3.45	35

Ақбөкенді Ұлы көл бассейнде сақтау, Батыс Моңғолия

Чимеддорж Б.

WWF - Моңғолия, chimeddorji@wwf.mn



2007 ж. WWF -
Моңғолия MAVA
фондысының
қолдауымен жаңа
үлкен проектін
бастады.


Ұзақмерзімді проектының мақсаты – ақбөкеннің бұрынғы таралған ареалында оның популяциясын қалпына келтіру және қорғау, заңдылық базасын күшейту, оның қоныстарында мал жаюға тиым салу, жергілікті тұрғындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын және ақбөкен популяциясына мониторинг жүргізу болып табылады. Проект жергілікті халықты ақбөкен пайдасына қарай бұрды және ақбөкен санының, 2007 ж. салыстырғанда, 8% өсуіне көмектесті Ақбөкеннің ареалы оңтүстікке қарай және шығысқа қарай Шаргин Гобиге, солтүстікке қарай Дургун Талға қарай кеңейді. Проект сондай-ақ Моңғолияның биоәртүрлілікті сақтау Конвенциясын орындалуына да көмегін тигізді. Әсіресе, табиғат қорғауға жергілікті қауымдастықты тарту, аймақтар мен Федеральдық деңгейде мемлекеттік ұйымдар жұмыстарын үйлестіру бағыттарында біраз жұмыстар атқарылды; сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдар мен ғалым мамандардың бір-бірімен қарым қатынасын үйлестіру. Проектінің басқа жетістіктері - жергілікті құқық қорғау органдары мен мал шаруашылық қауымдастықтардың түсінісуін күшейту, бірлесіп жұмыс істеуін қалыптастыру.

I. Саясат

Проект жақсы үйренген және керек-жарақпен қамтамасыз етілген браконьерлермен күресу группасы мен 11 жоғары маманды инспекторлар жүйесін (ақбөкен қорғау инспекторлар жүйесі – СИОС) құрды. Оларды жергілікті волонтерлар группасы қолдайды. СИОС инспекторлары түрдің биологиясымен, табиғатты қорғаумен, мемлекеттің табиғатты қорғау саясатымен, табиғат қорғау заңдылықтарымен, қоғаммен байланыста болуы, материалдарды жинау әдісімен, қорғалатын территорияларды басқарумен және мониторинг жүргізу әдістерімен жете танысты. Табиғат, қоршаған орта және туризм министрі «Ақбөкенді қорғау инспекторлар жүйесі Моңғолияда өте жақсы және тиімді құқық қорғау единицасы...» деп көрсетті.



Жабайы табиғат саласында заңдылықтарды бұзғандарды іздестіру және мониторинг үшін ұйымдастырылған “IRVES” программасы жақсы жұмыс істейді және ол Гоби-Алтай аймағында тәжірибеден өтті. Ол сондай мониторинг жүргізудің және табиғат қорғаудың заңдылықтарын



Сурет. Ақбөкен мекендерінде жергілікті тұрғындар тобының орналасуы.

бұзушыларды бақылаудың тиімді инструменті болды; құқықтың қорғау органдары арасында үйлестіру және бір-бірімен мәліметтер алмасу жұмыстарына көмектеседі; жиналған мәліметтердің базасын жасауға себебін тизізеді.

II. Жергілікті жердегі жұмыс

Ауыл қауымдастықтары ауылдық жерлерде ақбөкенді сақтау мен тұрақты пайдалауда маңызды роль атқарады. Жергілікті көмекшілер (мүдделі бақташылар) жергілікті тұрғындарға жерлерді басқаруға жақсы мәліметтер береді және адамдар мен мүдделі жақтарға жерді пайдалану группасын ұйымдастыруға және бірлесіп басқару жоспарын жасауға көмектеседі. Ақбөкеннің негізгі қоныстарында жергілікті тұрғындардан осындай 10 группа құрылған (қартаны кара). Мұндағы негізгі идея тұрмыс жағдайының жақсаруына көмектесе отырып, бақташыларды табиғат қорғау жұмыстарын қолдауға шақыру. Негізгі көмектер – бақташылардың экономикалық жағдайын, малдарының сапасын және жайылымдарды басқартуды жақсарту. Үй малдары санының өсуі жайылымдар мен онда өстін өсімдіктер мен топырақтың сапасын нашарлатып жібереді. Деседе, көшпенділердің көпшілігі бұл жағдайды жақсы түсінеді және мал санының өсіруден гөрі олардың сапасын арттыруға мән беру керектігін сөз етеді. Бұл ақбөкенді сақтау проектсіне жаңа мүмкіндіктер ашады.

III. Қоғаммен байланыстар

Білім, мәдениет және ғылым Министрлігіне (БМҒМ) көмектесе отырып, проект Моңғолияда білімнің жаңа ұлттық стандарттарын енгізуде үлкен үлес қосты; әсіресе, аймақтардың білім беру құрылымының тәжірибелеріне және мектептердегі жүргізілген жұмыстардың практикалық нәтижелеріне сүйеніп, білім берудің ұлттық системасының қалыптасуына жәрдем етті. Жалпы мәліметтер беру Орталығымен, жергілікті теледидар мен радионы қоса, байланыста болуы арқасында жергілікті тұрғындар арасында ақбөкенді сақтау жөніндегі білім дәрежелері өсіп, жақсы түсінік пайда болды. Білім беру Министрлігі мен табиғат, қоршаған орта және туризм Министрлігі бөлімдері бірлесе отырып, аймақтарда жергілікті халықтар арасында табиғат қорғауға арналған кітаптар мен заңдар туралы нұсқауларды таратты.

Проекті жүзеге асып жатқан территориядағы мектептерде жасар үшін 10 экологиялық клуб ұйымдастырылды. Оларды мұғалімдер басқарады, WWF-Моңғолия және инспекторлар жүйесі қолдайды. Барлық эко-клубтар табиғат қорғау жоспарларын және шағын программалар жасады, олардың программаларын проект қаржыландырады.

IV. Ақбөкен мүйіздерімен жасырын сауда жасау

Браконьерлер және жасырын аң мүйіздерімен сауда жасап жүргендер туралы хабар берген адамдарды материалдық сыйлықтар беру арқылы заңсыз әрекеттер фактілерін анықтауда көмектескендері үшін көмек береміз. Бұл саясат ақбөкен мекендейтін жерлердің бәріне тарады. 1 млн. моңғол тунрик (800 долл. АҚШ) шамасындағы сыйлық екі хабарлаушыға берілді. Солардың арқасында 13 ақбөкен атқан 4 браконьерлер ұсталды. Браконьерлермен күресетін группа (МАБГ) мен инспекторлар жүйесі (СИОС) аймақтар полициялары және табиғат қорғау агенттерімен келісе отырып қимыл жасау арқасында 2008-2009 жж. 14 ақбөкен атқан 3 браконьерлік оқиғаны анықтады. Бұлардың бәрі Гоби-Алтай аудандық сотында қаралды. Браконьерлер 5 жыл түрмеде отыру жазасына кесілді.

Ақбөкеннің таралу картасын жасау үшін жергілікті тұрғындардың білімін пайдалануға бола ма?

Леон Дж.¹, Сингх Н.Дж.¹, Арылов Ю.Н.², Обгенова О.Б.³, Милнер-Гулланд Э.Дж.¹

¹Лондон Империял Коледжісі, jenny.leon08@imperial.ac.uk; ²Қалмақия Республикасы жабайы жануарлар Орталығы; ³Қалмақия Республикасы «Экологиялық проектiлер Орталығы»

Жергілікті тұрғындар түрлердің экологиясы туралы жиі терең білімдері бар екендігін байқатады; оны жануарлар басқаруды ұйымдастыруға қолдануға болады. Әлі де белгісіздеу болған ақбөкеннің қазіргі таралу шекарасының картасын жасау мақсатымен біз Қалмақияда зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Сондай-ақ біз сипаттап жазып отырған шекара шегінде адамдар айтқан мәліметтерге әсер ететін факторларды да зерттедік.

Зерттеу 2009 ж. жазында жүргізілді. Адамдардан мына мәліметтерді сұрадық: өз участкелерінде ақбөкенді көрді ме; жылдың қай мерзімінде оларды көрді; соңғы 12 айда олар ақбөкендерді көрді ме? Ол территорияда ақбөкендердің болуына қандай факторлар әсер етті. Әсіресе, алыс фермаларда тұратын адамдардан көп



Сурет: Б. Чимедоржидкі

МАБГ мандат алуға.

Ховдның аудандық сотында заңсыз 108 ақбөкен мүйіздерімен сауда жасау оқиғасы қаралған. Бұл істі қайта қарау WWF-тың қысым жасауы арқасында жүзеге асты. Браконьерлер 3,6 және 5 жылға түрмеде отыру жазасына кесілді.

V. Партнерлер мен донорлар

Бұл проект табиғат, қоршаған орта және туризм Министрлігімен, региональды және жергілікті басшылықтармен (аймақтар, сомдар, багтар деңгейінде), сондай-ақ халықаралық ұйымдармен (SIDA, GTZ, SDC және UNDP) тығыз байланысты. Әсіресе, маңыздысы малшылар группасымен, пилотный мектептермен, мұғалімдермен сондай конструктивті жұмыстар атқару болып табылады. Проект өзінің мәліметтерін ақбөкенді сақтау Альянсы сайтында <http://www.saiga-conservation.com> орналастырады. Жоба командасы МАВА фондысына проектiні қаржы жағынан қолдағаны үшін үлкен рахмет айтады. Бұл проект ақбөкенді және оның Моңғолиядағы қоныстарын сақтауға халықаралық деңгейде қосылған үлкен үлес болады.

сұрадық, өйткені олар поселкаларда тұратынларға қарағанда көп байқауы мүмкін ғой.

Ақбөкендерді көрген адамдардың мәліметтері үш факторға байланысты: 1) ақбөкендер кездесуі мүмкін. Бұл биологиялық факторларға (өсімдіктер қоры, су көздері) байланысты болу керек деп шамалаймыз. 2) Онда ақбөкендер болса, бақылаушылар оларды көру керек. Бұл адамдардың бұл территорияда көп жыл тұруына және территорияны аралауға жиі шығуына байданысты болуы мүмкін, сонымен бірге шыққан уақытына және пайдаланған көлік түріне де байланысты болуы қажет. 3) Олар ақбөкендерді көргендерін айтуы керек. Бұл адамдардың шындықты айтуы қажет екендігіне байланысты; мүмкін, бұл олардың браконьерлік әрекеттеріне де байданысты болар.

Біз зерттеп отырған аралды Қалмақиядағы ақбөкен

ареалының бұрынғы бағаларымен және эксперттық пікірмен салыстырдық.

Бұрынғы ареалымен салыстырғанда (Lushchekina and Struchkov, 2001), Қалмакияда оның едәуір қысқарғанын көрсетті. Бірақ, жергілікті эксперт (Х. Манжиев) ареалдың көлемі аздап үлкен екендігін айтады (сурет 1, 2).


Ақбөкен кездескен уақыт пен мекендері жөнінде маусымдық айырмашылық болған жоқ. Бұл ақбөкендердің маусымға байланысты ұзақ қоныс аудармайтындығын байқатады. Кезкелген уақытта қорғалатын территориядан тысқары жерде кездесуі мүмкін. Бұл бүкіл жыл бойы ақбөкендерді қорғалатын территориядан тыс жерлерде қорғау керектігін дәлелдейтін маңызды нәтиже.

Аталған территорияда бұрын ақбөкенді көрген, соңғы 12 аймен салыстырғанда, адамдардың мәліметтеріне әртүрлі факторлар әсер етті. Бұрынғы кезде аңдарды кездестірген туралы адамдардан мәлімет алуға әсер еткен негізгі факторлар – бір жерде олардың ұзақ тұруы, жауын-шашынның болуы (жаңбыр аз болған кезде бұл жерде ақбөкендер жиі ұшырасты) және су көздерінің жақын болуы (су бұл жерге жақын болса, ақбөкендердің келуі де сөзсіз). Бұл материалдар бұрынғы кезде ақбөкендердің таралуына негізгі әсер ететін фактор – бұл жердің ақбөкеннің мекендеуіне қолайлы болуы екендігін дәлелдейді. Бірақ соңғы 12 ай ішінде ақбөкен туралы мәлімет алу деңгейіне әсер ететін жалғыз фактор


– адамдардың әсері яғни поселкалардың тұрғындарының өздері. Көптеген мәліметтерді Яшкөл тұрғындарынан, одан аздау мәліметті Комсомол тұрғындарынан басқа жерде тұратын адамдарға қарағанда көбірек алуға болатын еді. Бұл территория жағынан айырмашылығы болуымен байланысты болуы керек; сондай-ақ бірқатар жерлерде адамдар ақбөкендерді кездестіргенін айтқысы да келмейді.

Анықтаудың басқа әдісі – адамдардан алған материалдардың сенімділігіне көз жеткізу; ол үшін белгілі регионнан алынған мәліметтердің көрші территориядағы адамдардың мәліметтерімен сәйкес келуімен салыстыру қажет. Халхутта поселкасынан алынған мәліметтердің бір-бірінен сондай айырмашылықтары байқалда. Эрденос пос. тұрғындары да мәліметтер беруде дәйектілік көрсетпеді. Мүмкін, бұл аудандар - браконьерлік жоғары дәрежеде дамыған аудандар болып саналғандықтан болуы ғажап емес.

Жергілікті тұрғындар қазірде ақбөкеннің таралуына әсер ететін негізгі себептер – браконьерлік пен судың жетіспеуі деп санайды. Шынында Қалмакияда жауын-шашынның аз болуы көбейіп келеді, судың жетіспеуіне жасанды су көздерінің таусылуы, ішуге жарамсыз болып қалуы әсер етеді. Бұл жауын-шашынның болуы мен көздерінің жануарлар үшін қолайлы болу ұғымдарының бір-бірінен айырмашылығын түсіну керектігін ұғындарады.



Сурет 1. Табылған жері, ареалдың шекарасы көрсетілген Қалмақия картасы. Адамдарды сұраумен және шекараны эксперттің сипаттауымен (Х.Манжиев «Черные земли» қорығының ғылыми қызметкері)



Сурет 2. Ақбөкеннің бұрынғы таралу картасы. 1950-1965 жж. және жақында ғана таралуы (Lushchekina & Struchkov, 2001)

Жабайы және үй жануарлары үшін бұл факторлардың маңызы зор екендігін көрсетеді.

Бұл зерттеудің ақбөкеннің қазіргі таралуын анықтау мен оған әсер ететін факторларды білуде пайдалы екендігін байқатады. Ол сондай-ақ жергілікті

тұғындардан алынған мәліметтердің дәл болу проблемасында сөз етті. Табиғат қорғау шараларының тиімді болуы үшін және жергілікті тұрғындардың қатысумен ақбөкеннің экологиясы туралы мониторинг өткізуді жақсартуда айтылған мәліметтердің маңызы зор.

Ақбөкеннің мүйізді аналығы «Еуропа далаларының сирек жануарлар Орталығында»

Миноранский В.А.

«Даланың тірі табығаты» ассоциациясы, Оңтүстік федеральный университет

Ақбөкен анық байқалатын жыныстық диморфизммен сипатталады. Аналықтары текелерінен бірқатар белгілерімен айырылады, оның ішінде мүйіздері болмайтындығы тағы бар. Текелерінің бас сүйегіндегі мүйіздері орналасатын участкада аналықтарда ол жерде кішкентай сүйек өсіндісі ғана болады, одан өте сирек мүйіз өседі. Солтүстік-Батыс Прикаспийде 10 000 аналық ішінде 2-3 қана мүйізді аналық кездеседі. «Еуропа далаларының сирек жануарлары Орталығында» (әрі қарай – Орталық) осындай аналықтың біреуі тіршілік етеді.

Орталық 2003 жылы Ресейдің Ростов облысындағы Кундрючень хуторында ұйымдастырылған. Оның міндеттерінің бірі-жануарлардың сирек кездесетін түрлерін сақтау үшін қолда өсіріп, онан соң табиғи экосистемаға жіберу. Орталықта көптеген осындай түрлер бар, олардың ішінде ең көбі – ақбөкен. Көп жылдардан бері ол мұнда жақсы көбейіп келеді. Қазірде Орталықта 47 ақбөкен мекендейді (қара: *Saiga News*, 3-шы шығарылуы).

Мүйізді аналық Орталықта 2005 ж. мамыр айында туды. 2007 ж. ол лақ туды, бірақ 2008 ж., басқа аналықтардан айырмашылығы, мүйізді аналық қысыр қалды. Бақылаулар көрсеткендей, ол текелермен кездесуден қашты. Деседе, 2009 ж., басқа аналықтарға қарағанда, кешірек болса да бұл аналық ұрпақ берді. Бірақ туған лағы әлсіз болды да суық тигеннен екі айлығында өліп қалды. Бұл аналықтың мүйізі текелерінің мүйіздерінен өте күшті айырылды. Оның мүйізі симметралды болмады. Оң мүйізінің ұзындығы 11 см, салыстырмалы түрде тік,



Сурет. С. В. Толчеганский

Мүйізді ақбөкен аналығы.

оның түпкі негізі әлсіз, ал ұшы алға және сыртқа қарай иілген. Сол мүйізі бастан сыртқа қарай горизонталды бағыттталып, бірнеше алға иіліп, төмен қарай иіле түсіп, одан әрі жоғары және алға қарай иіле түскен. Бұл мүйіздің ұзындығы 14 см, диаметрі 1,8 см (мүйізінің негізгі түбінде). Мүйіздің негізгі түбінің түсі қоңыр басқа ақшыл түсті бөлімдеріне қарағанда. Бұл аналықтың көбею зақдылықтарын пайдалана отырып, аналықтарда мүйіздердің болуы – организмдерде гормональды процестердің бұзылуынан деп шамалауға болады.

«Яшкөл» ақбөкен питомнигінде агромилиорация жайылымы

В.Н. Федосов

Қалмақия Республикасы жабайы жануарлар Орталығы

2002 ж. бастап Қалмақия Республикасы Яшкөл ауданында ақбөкендерді өсіретін питомник жұмыс істейді. Питомник 800 га шөлейтті тыңайған жерде орналасқан. Топырағы құнарсыздау, жауын-шашын аз түсті жерде өсімдіктер қоры да онша көп емес (жердің өсімдіктермен жамылғасы -50-60%). Питомникте топырақтың механикалық құрамы ауыр, сондай тығыз және тұзды, бұл жағдайда топыраққа атмосфералық жауын-шашын аз сіңеді. Жусан - өсімдіктер ішінде көп таралғаны. Бұл жағдай ақбөкендер үшін қолайлы. 68 жануардан тұратын топ металл тормен қоршалған, көлемі – 62 га, вольерде тұрады (қара: *Saiga News*, 2-ші шығарылуы).

Жайылымды аз уақыт ішінде пайдаланғанына

қарамастан (2003 ж. бері), ақбөкендердің бүкіл жыл бойы шағын территорияда жайылуы өсімдіктер құрамының өзгеруіне әкеліп соқты; оны вольера ішіндегі өсімдіктер мен одан тыс жердегі өсімдіктер құрамымен салыстырғанда анық көруге болады. Жануарлар жусанды және тағы басқа шөптерді тандап жейді де, олардың орнын фитоценозда бидайық басты. Вольерадан тыс мал жайылатын жерлерде жусанды жамылғы сақталады. Күз бен қыс айларында вольерада ақбөкендерді қоректендіру қаржысы өседі.

Қалмақияда мал санының өсуі, әсіресе қойдың, XX-ғасырдың екінші жартысында жайылымдардың деградацияға ұшырауына әкеп соқты; көптеген бағалы азықтық шөп түрлері жойылып бара жатыр және

жайылымның шөлге айналу процесі дамуда. Айтылған проблеманы шешу үшін «ҚР-сының жабайы жануарлар Орталығы (Яшкөл питомнигін қоса)» және Вильямс атындағы Бүкілодақтық азықтарды ғылыми-зерттеу институты жайылымдардың өнімдігін арттыру жұмыстарымен айналысуда; шөл далаларда өсетін азықтық шөптерді өсіретін тәжірибе питомнигі ұйымдастырылды. Онда жергілікті жерде өсетін бағалы өсімдіктермен қатар Орта Азиядан және басқа да региондардан әкелінген өсімдіктер өсіріледі. Яшкөл питомнигінің қоршалған участкесінде изеннің әртүрлі географиялық формалары; сорақның әртүрлі бұталы түрлері (шығыс және аздапырақты сорақтар), теріскен, қарматау, қара сексеуіл, құмсұлысы себілді. Бірақ, Қалмакияда топырақтың біраз айырмашылығына қарамастан табиғи таралу аймағынан әкелінген өсімдіктердің көпшілігі жаңа жағдайға жақсы көндігіп олардың жасанды фитоценозы едәуір жағары өнімділігімен сипатталды. Ол өсімдіктерді жануарларда жақсы жейді.

2007 және 2008 жылдар күзінде тәжірибедегі өсімдіктердің тұқымдары жиналып, оларды жаңа



Сурет Н. Аралованыкі

Яшкөл питомнигіндегі тәжірибе участігі.

жерлерге егу үшін пайдаланылды. 2008 ж. көктемінде ақбөкендер ұсталмайтын вольерге теріскен егілді. Келешекте өндірістік егістік жерлердің көлемін ұлғайтп, ол жерлерге азықтық бағалы шөптерді егуге болады.

Аскания-Новадағы жаңалық

Миноранский В.А.

«Даланың тірі табиғаты» ассоциациясы, Оңтүстік федеральный университет

Биолог-охотоведтердің Мәскеуде өткен (2009 ж. тамызы) ХХІХ-шы Халықаралық конгресінде (негізгі мақаланы қара) жануарларды өсіретін әртүрлі питомниктер арасында қызметтерін үйлестіруді жақсарту және тәжірибе алмасу керек екенін айтқан болатын. Тәжірибе алмасу мақсатымен, келісім бойынша, 2009 ж. 20-23 қыркүйегінде Ростов (Ресей) делегациясы Украинадағы ЮНЕСКО-ның биосфералық қорығы «Аскания-Новаға» барды (қара: *Saiga News*, 9). Делегация құрамына «Даланың тірі табиғаты» Ассоциациясының, «Ростов» биосфералық қорығының, «Донской» жылқы заводының және Ростов облысы жануарлар дүниесі мен су биологиялық ресурстарын қорғау мен пайдалану департаментінің қызметкерлері енді.



Сурет Л. В. Клеймкі

Аскания-Нова қорығының негізін салушы Ф.Фальц-Фейнуге салынып жатқан ескерткіш қасында

Қорықтың көпжылдық тарихы көптеген ұрпақтардың адал еңбектері, қоршаған үлкен территорияда табиғи жағдайда жануарлардың көптеген түрлерінің тіршілік етуі Аскания-Нова қорығын көптеген ғалымдар,

орынға айналдырды. Биылғы жылы қорыққа 126 мыңнан астам адам келіп көрді. Мұның бәрі өсімдіктер мен жануарлардың алуантүрлілігі, көне дәуірден қалған ескі құдықтар, скифтер мен басқа да дала көшпенділері қалдырған күзеттегі 17 қатын.

Біз барған уақытта «Аскания-Нова»-ның қоршалған жерінде 300-дей ақбөкен болды, оның 70-тен астамы 2009 ж. туған. Жануарлардың негізгі тобы бір группада болды. Сирегірек даланың әр жерінен жеке жүргендер немесе өте аз топтарда кездесті. Табиғатта ақбөкендердің өте сәк әрі қорқақ екенін ескере отырып, қорықта қалайша жануарлар өзіне ескере адамдарды жіберетіндігіне таң қалып, оның себебін сұрадық. Қорықтың директоры Виктор Гавриленко бізбен бірге жүрді; автокөлік «Нива»-мен біз ақбөкен тобына 25-40 метрдей жақын келдік. Бұл бізге антилопаларды жақыннан бақылауға мүмкіндік берді.

Қорықтың қызметкерлері бізді қорықта атқарылып жатқан жұмыстармен, онда жүргізіліп жатқан алуан түрлі зерттеу жұмыстарымен таныстырды; біздің қойған сұрақтарға жауап берді. Ростов делегациясы өз жағынан Донда ақбөкендерді, дуадақтарды және басқа да жануарларды вольераларда өсіру тәжірибесімен алмасты. Біз қорыққа айналған далаларды қорғау проблемасымен және табиғат қорғау мәселесін қаржылануды да талқыладық. Сондай-ақ бізге жақын орналасқан Украинаның мал шаруашылық ғылыми-зерттеу институтына баруға мүмкіндік болды. Көп жылдар бойы бұл институт қорықпен тығыз байланыс жасайды және онда ғылыми зерттеу жүргізуге көмектеседі.

Екі биосфералық қорықтар «Аскания-Нова» мен «Ростов» арасында өзара қарым-қатынастық, жануарлармен алмасу, зерттеу нәтижелерін бірлесіп жариялау және экологиялық білім, туризм және табиғатты қорғау проблемаларын дамыту шараларын өткізу туралы келісімге қол қойылды. Бұл, әсіресе, Халықаралық биоәртүрлілік жылында маңызды: 2010

жыл – БҰҰ-тың шешімімен бүкіл дүние жүзі елдерінде биоәртүрлілік жыл деп аталып өтіледі. Біз «Аскания-Нова» делегациясын Дон жерін және Ростов биосфералық қорығын көріп кетуге шақырдық. Біздің шақыруымызды рахметтерін айтып қабыл алды; енді біз, мүмкін, 2010 ж. көктемінде Украинадан келетін қонақтарды қарсы алуға дайындаламыз. Сол уақытқа дейін ақбөкендерді қолда өсірудің біріккен халықаралық Орталығын ұйымдастыру туралы проектін дайындап, оны ұлттық құрылым мен қоныс ауғаратын жануарлар Конвенциясы Секретариатына ұсынуымыз керек. «Даланың тірі табиғаты» ассоциациясы бұл бірлестіктің активті мүшесі болуға тиіс; бірақ ол үшін Маныч-Гудило көлінің жағасында қайтадан

ұйымдастырылатын питомнигінің вольерін кеңейту, және оны жақсартуға Ростов облысы әкімшілігінің көмегі қажет. Питомник Ростов қорығының жанында орналасқан. Сондай-ақ ақбөкен биологиясын зерттейтін арнаулы лаборатория ашқанда жөн; мұндай лаборатория Астрахань облысында ақбөкен онша аз болмаған 60-шы жылдары болған. Бұл лаборатория ақбөкендерді өсіру технологиясын жетілдірумен айналасатын болады (тіпті оларды жасанды ұрықтандыруға дейін). Оның ғылыми зерттеу жұмыстары жоспарын қалыптастыруға «Аскания-Нова» қорығы мен Украинаның мал шаруашылық ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен жұмыс тәжірибелерін табысты пайдалануға болады.

Сурет С. В. Толчешанікі



Ақбөкендер тобы.

Проектілерге шолу

Проектілер - 2009 ж. ақбөкенді сақтау Альянсының кіші гранттар программаларының жеңімпаздары



Жабайы табиғатты қорғау ұйымы (WCN) және Аңшылық және жабайы табиғатты қорғаудың халықаралық Советі (CIC) ақбөкенді сақтау Альянсының 2009 ж. кіші гранттар программасын қолдады; соның нәтижесінде ақбөкен мекендейтін елдерінен түскен төрт проектін қаржыландыруға мүмкіндік туды. Программа табиғи жағдайда ақбөкенді сақтауға бағытталған; әр проект 2000 долларға АҚШ дейін қаржы алды. Барлық проекттілер қоныс аударатын түрлер Конвенциясының (CMS) ақбөкенді сақтау жөніндегі өзара түсінісу Меморандумының Ортамерзімді халықаралық жұмысшы программасының орындалуына едәуір үлес қосуға тиіс. Олар программаның кейбір пунктарына өзгерістер енгізудің қажет екендігін дәлелдейді.

Мұндай тәсіл Меморандум (MoB) туралы мәліметтерді кеңейтеді және оның жұртшылық, жеңімпаздар мен халықаралық аудитория үшін маңызды екенін көрсетеді. Бұл конкурстың негізгі мақсаты-жергілікті жерде ақбөкенді сақтау процессін қолдауға шақыру. Конкурс ірі мемлекеттік емес ұйымдардың өздерінің жұмыстарына Халықаралық қолдау алуға мүмкіндіктері жоқ адамдарға арналған. Сонымен бірге біз кіші гранттардың бұрынғы жеңімпаздарын ақбөкенді сақтау Альянсының семьясына қосылады-ау деп сенеміз. Олардың мүмкін болғанша жұмыстарын жалғастыруға көмектесуге тырасамыз.

жұмысында жобаны ұсынғандардың конкурстың шарттарын орындау барысына және оргкомитет мүшелерінің берген бағаларына сүйенеді. Солар арқылы әр проектге балл қойылады; жеңімпаз деп тек жоғары балдар алғандар ғана саналады. Биылғы жылы табиғат қорғау тақырыптары мен әртүрлі географиялық аудандарды қамтитын төрт жақсы проекттер таңдалып алынды.



Анатолий Хлуднев, «Степной» қорықшасының директоры, Астрахань обл., Ресей. Бұл қорықшаның төлдеу кезінде 10,0 мыңға жуық ақбөкенді қорғау үшін үлкен маңызы бар. «Степной» қорықшасы «Черные земли» қорығымен шектеседі де, браконьерлерден көп зардап шегетін ақбөкен популяциясын бірлесіп қорғайды.

Анатолий Ресей Армиясының отставкадегі подполковнигі; оның өздерінің істеріне берік шағын командасы ақбөкендерді тәулік бойы, әсіресе, жылдың оларға қиын кезінде, қорғайды; оның адамдары қорықша территориясында үйлері болмағандықтан, автокөліктерінде түнейді. Анатолий өзінің гранттан алған ақшаларына машиналарына жанармай сатып алады. Сатып алған бензиндерінің көлемі олардың ақбөкенді қорғауға кететін уақыт ұзақтығына байланысты болады.

Ұзақ қарауылдауға қаражат табу қиынға соғады. Біз Анатолийді қолдадық, өйткені оның жұмысы ақбөкенді табиғи жағдайда қорғауға көмектеседі. Ресей популяциясы күшті браконьерлердің қысымында болып отыр; сондықтан мұндай жұмыс өте қажет («Степной» қорықшасында браконьерлерге қарсы күрес табысты болғаны туралы мәлімет осы нөмерде жаңалықтар бөлімінде, қара).



Гуйхон Цзян 2008 ж. тамыз айынан бастап Қытайдағы жабайы табиғатты қорғау Одағының (WCS) қызметкері; жабайы табиғаттың объектілерімен сауда жасау процесін зерттейді. Бұған дейін 15 жыл Қытайдың табиғат қорғау мемлекеттік ұйымында жұмыс істеген.

Оның жұмысы сауданың негізі орталығы Гуанчжоуда жабайы табиғаттың объектілерімен жасырын сауда жасауды байқап, ұстау болды. Ол бұл жұмысқа ынталы жақтарды (медицина қызметкерлері, бизнесмендер, жұртшылық) үйрету, мониторинг жүргізу болды.

Гуйхон алған грантты ақбөкен мүйіздерімен сауда жасайтын негізгі орын – Гуанчжоудағы дәстүрлі қытай медицинасы Кингпинск сауда базарында ақбөкен мүйіздерімен сауда жасау процесін зерттеуге пайдалану. Ол осы рынокта білім беретін компания ұйымдастырып, ынталы жақтарды ақбөкенді сақтауға шақырады; заңдылықтармен таныстырады. Гуанчжоу орман шаруашылығы басқармасына есеп береді. Сол арқылы бұл басқарманың құқтық қорғау қызметіне көмектеседі. Ақбөкеннің келешегін ойлаған біз ақбөкенді сақтау үшін тұтынушыларды да тарту керектігін түсініп, Гуйхонды қолдадық.



Вера Воронова – Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті және Қарағанды экомүзеяның экологиялық ағарту (білім беру) проектісінің техникалық ассистенті. Ол құстарды зерттейтін маман (орнитолог), көп жыл құстардың экологиясы мен оларды сақтау

процесімен волонтер ретінде айналысты; сонымен бірге өз университетінде орнитологтар клубын ұйымдастыруға қатысты. Тянь-Шань тауында дала базасының ғылыми қызметкері болып жұмыс істейді.

Вера алған грантты ақбөкен туралы информациялық стенд жасауда, бұл түрді Қарағанды облысында сақтау туралы бүклеттер шығаруға және жергілікті мектептер үшін қосымша оқу құралын дайындауға, Экомүзейдің Вебсайтын ашуға пайдаланады. Қарағанды облысы жаз айларында ақбөкеннің бетпақдала популяциясының маңызды территориялардың бірі; онда үгіт-насихат жұмысы жүргізіледі; сондықтан да біз бұл проектіні қолдадық. Біздің басқа региондарда жүргізген тәжірибелерге сүйене отырып, Вера ақбөкенді сақтау проблемасына көп жастарды тартады деп ойлаймыз.



Артур Нуриджанов - Өзбекстан Республикасы мемлекеттік биологиялық бақылау комитетінде жұмыс істейді. 2008 ж. ол Арал теңізіндегі Возрождения аралында (бүгінде түбек) зерттеу жұмысын жүргізді. Оның нәтижесі жарияланды (қара; *Saiga News*, № 9).

www.saiga-conservation.com.

Советтік кезде мұнда жабық әскери база болған, Совет Одағы тарағаннан кейін бұл база жабылды. 2007 ж. аралға адамдар келуге рұқсат етілді; олардың көпшілігі аралдағы бос қалған құрылыстарды бұзып, тал-таражға салды; ондағы қорықпайтын жануарларды көріп, жасырын оларды аулауды бастады.

Мұнай компаниясы үшін Артурдың жүргізген зерттеулері (аудит) ондағы экологиялық жағдайдың нашарлап бара жатқанын көрсетті. Деседе, түбектің дала экосистемасы әртүрлілігін, оның ішінде ақбөкен группировкасын, сақтауда бағалы екендігін айту керек.

Артурдың алған грантты Возрождения түбегінде ақбөкеннің таралуы мен санын анықтау жұмыстарын жалғастаруға мүмкіндік береді. Алған ғылыми мәліметтеріне сүйене отырып, әлі де кеш емес түбікте ерекше қорғалатын территория ұйымдастыру туралы идеясын ұсынады. Бұл уақыт күтірмейтін проект – түбектегі жағдай өте қиын, бірақ бұл территория ақбөкен және басқа да дала жануарларын сақтауға өте маңызды. Сол үшін біз Артурды қолдадық.

Біз грант жеңімпаздары үшін мақтанамыз және WCN мен SIC-ке рахметімізді айтамыз, өйткені олар бізге айтылған проекттерді қолдауға көмектесті.

Милнер-Гулланд, e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk


Моңғолияда ірі сүтқоректілерді сақтаудың жаңа тәсілі

2009 ж. қазан айында WWF - Моңғолия MAVA фондысының қаржылай көмек беруі арқасында «Моңғол ақбөкеніне (*Saiga tatarica mongolica*) самолетпен санақ жүргізу» проектісін бастады. Бұл проектінің негізгі мақсаты – Моңғолияда ірі сүтқоректілерге авиасанақ жүргізуді санақ жүргізудің стандартты әдісі ретінде қолдану. Әрі табиғат қорғау шараларының тиімділігін күшейтудегі міндетті құрал болып табылады. Біз ақбөкенді зерттеуді ұйымдастыру мен өткізуді пилотный проект есебінде бастадық. Бұл проектінің мақсаты –


моңғол ақбөкені популяциясын бағалаудың сенімді және ұтымды әдісін іздестіріп табу арқылы популяцияны басқарудың тиімді инструментін ұсыну. Моңғол ақбөкеніне авиасанақ жүргізу 2010 жылдың күзіне жоспарланған. Біз санақтың барлық техникалық және әдістемелік аспектілерін дайындадық: самолет типін таңдау және мекендерін зерттеу жұмыстары атқарылды; дайындық семинары өткізілді және ұшатын экипаждарға тренинг ұйымдастырылды; санақ жүргізу формасы дайындалды.

Жаңа басылымдар

(жұмыстарды мамандар мен жұртшылықтың іздеуіне қолайлы болу үшін қай тілде жарияланса, сол тілде беруді жөн көрдік)



Смирин В.М.



Портреты степных зверей Европы и Северной Азии. Наука и искусство - экологическому образованию / Сост. А.И. Олексенко, А.В. Зименко, П.П. Дмитриев, Е.В. Зубчанинова. - М.: Изд-во Центра охраны дикой природы, 2008. - 92 с., ил.

Новая книга выдающегося зоолога и художника-натуралиста В.М. Смирин, безусловно, будет интересна жителям степных регионов, школьникам, студентам, педагогам, зоологам, экологам, любителям природы и ее защитникам в качестве учебного пособия и книги для души. Степь, чрезвычайно сильно пострадавшая от деятельности человека, нуждается в его заботе и охране. Помочь этому может представленное в книге сочетание двух подходов к экологическому образованию и просвещению. Иллюстрации к атласу, натурные

зарисовки, фрагменты наблюдений В.М. Смирин (1931–1989) помогают читателю лучше узнать об образе жизни и поведении зверей. Изображения животных дополняют видовые очерки, написанные профессиональными зоологами, не один год посвятившими изучению экологии степных обитателей: сайгака, корсака, степного хоря и других зверей.

Электронная версия книги (pdf, 7 Мб) доступна по адресу:

http://www.biodiversity.ru/publications/books/ecoeducation/Smirin_Steppe_2008_web.pdf

Заказать книгу можно по адресу:

E-mail: biodivers@biodiversity.ru

Тел./факс: (499) 124 71 78, 124 50 22

Хабарландыру

Ақбөкенді сақтау жөніндегі Өзаратүсінісу



Меморандумына (MoV) қол қойған жақтардың екінші мәжілісі 2010 жылы Моңғолия өтеді

UNEP/CMS секретариаты мынаны хабарлайды: Моңғолияның табиғат, қоршаған орта және туризм министрлігінің құрметті шақыруымен, 2010 жылдың қыркүйек айының басында Улан-Баторде ақбөкенді (*Saiga tatarica tatarica*) сақтау, қалпына келтіру және тұрақты пайдаланудың өзаратүсінісу Меморандумына қол қойған жақтардың көптен күткен 2-ші мәжілісі өз жұмысын бастайды. Бұл мәжіліске дейін министрствалар өкілдері қатысқан екі күндік

техникалық мәжіліс өткізеді. Онда ақбөкен жөніндегі эксперттер орталерзімді халықаралық жұмыс программасының орындалуын және басқа да мәселелерді талқылайды. Мәселен, мониторингті жүргізу туралы. Мәжілісті өткізу мерзімі CMS-тің вебсайтында хабарландырылады:

www.cms.int/species/saiga/saiga_meetings.htm. Қосымша мәліметтерді доктор Алин Кюлден алуға болады, akuehl@cms.int; secretariat@cms.int.

Алғыстар

Ақбөкенді сақтау Альянсы оның қызметіне соңғы 6 ай бойы жәдемердескен мына кісілерге шын жүректен алғысын білдіреді: Мэги Брайнт, Винса Мартина және Жабайы табиғат Фондысы, Марджори Паркер, Мишеля Хакетта, Глорию және Кента Маршаллов, Стивена және Карин Чейзов, Джой және Тейлора Конвей, Кеннон және Боба Хадсонов, Линду Табор-Бек, Джеффа Флокена, Энн Мэри Бургуин және Бреда Робертса, Монфорта Джойса, Ким және Кевина Никейннов, Мишеля Линвилла, East Bay Zoological Society, Марка Герарда, Присцилла Петтит, Брентона Хэда, Сюзан Хитинг, Бориса Станко, Корину Хертель, Эндрю Холмана, Салли МакМуллен, Даниэла Мулвея, Хеллен Галанд және Дженни Беттенсет (Spitalfields City Farm), Софи Арлов, Христиана Вензеля (www.saiga.de). Сонымен бірге біз WCN және FFI-тің барлық қызметкерлері мен волонтерлеріне, сондай-ақ WCN-нің жыл сайындағы көрмесінен Saiga News бюллетеніне біраз жылдардан бері фотографиясын беруші тамаша фотограф Мартин Варонга шексіз алғысымызды айтамыз. Осы нөмерді шығаруға көмектескен - Rufford Foundation, WCN, CIC және WWF-Моңғолия ұйымдарына да шексіз алғысымызды білдіреміз.



Мазмұны

Негізгі мақала

Милнер-Гулланд Э.Дж. Халықаралық биологтар-охотведтердің XXIX-шы Конгресінде ақбөкен тақырыбы талданды..... 1

Жаңалықтар 2

Ғылыми мақалалар

Цутер Ш. Қазақстанда ақбөкеннің ізіне түсу 9

Ито Т.Й., Шинода М., Есипов А.В., Грачев Ю.А., Милнер-Гулланд Э.Дж. Үстіртте ақбөкенді спутник арқылы бақылау проектісі басталды..... 10

Бувейбаатар Б., Янг Дж.К., Лхагвасурен Б., Бергер Дж., Файн А. Моңғол ақбөкені лақтарының тірі қалуы жөніндегі жаңа мәліметтер..... 11

Чимеддорж Б. Ұлы көл бассейінде (Батыс Моңғолия) ақбөкенді сақтау..... 12

Леон Дж., Сингх Н.Дж., Арылов Ю.Н., Обгенова О.Б., Милнер-Гулланд Э.Дж. Ақбөкеннің таралу картасын жасау үшін жергілікті тұрғындардың білімдерін пайдалануға бола ма?..... 13

Миноранский В.А. Мүйізді ақбөкеннің аналығы «Еуропа далаларындағы сирек кездестін жануарлар Орталығында»..... 15

Федосов В.Н. «Яшкөл» ақбөкен питомнигінде агромилиорация жайылымы..... 15

Миноранский В.А. Аскания-Нова жаңалығы..... 16

Проектілерге шолу..... 17

Жаңа басылымдар 19

Хабарландыру..... 19

Редакция алқасы. Ұлыбритания: Э.Дж. Милнер-Гулланд, Империял Колледж Лондон

(e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk); Қазақстан: А. Бекенов и Ю. Грачев, зоология институты (terio@nursat.kz); Қытай: А. Канн, WCS Қытай (akang@wcs.org); Моңғолия: Б. Лхагвасурен және Б. Чимеддорж, WWF-Моңғолия (lkhagvasuren@wwf.mn); Ресей: А. Луцкекина экология және эволюция проблемалары Институты (rusmabcom@gmail.com) және Ю. Арылов, Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар орталығы (kalmsaigak@elista.ru); Өзбекстан: Е. Быкова и А. Есипов, зоология Институты (esipov@xnet.uz).

Сіздерді көрсетілген алты тілдің бірінде жазылған материалдарыңызды жіберуге шақырамыз. Оларды мына адреске жіберіңіздер: esipov@xnet.uz, saigaconservationalliance@yahoo.co.uk немесе редакторлардың біріне. Бюллетень жылына екі рет шығады.

Бұл басылымды мынандай online табуға болады: www.saiga-conservation.com, <http://bcc.seu.ru/programs/saigak/publications.html>, www.iccs.org.uk/saiganews.htm және <http://www.wildlifewarden.net/wcs/mini/Saiga-Chinese.pdf>, сондай-ақ pdf-ден немесе оның көшірмесін ағылшын, қазақ, қытай, моңғол және орыс тілдерінде өздеріңнің мәлімдемелерің бойынша алуға болады.